Қамқоршылық кеңес мүшелері:
Қ.А.Қалабай С.М. Ягнисов,
Б.К. Буркиталиев, А.Е.Тастайбекова,
Б.Китайбековаға

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазан айының 17-сі күні сағ: 16:00-де қамқоршылық кеңес мүшелерімен жиналыс өтетіндігін қаперге бере отырып, қатысуларыңызды сұрайды.

Күн тәртібінде:

- «Мұғалім-Ұлы тұлға» атты бағдарлама ұйымдастыру, басты мәселе этика-эстетика мен жалпы ортадағы «суббардинация» өзін ұстау мәнері бағытындағы жалпылама жұмыстар туралы;
- Полиция бөлімінде, наркология және психикалық аурулар диспансерінде есепте тұрған ата-аналары бар оқушылармен жұмыс барысы, бақылау және зерттеу жұмыстарының бағыты мен үй-іші, тұрмыстық және әлеуметтік жағдайына мониторинг жасақтау туралы;
- «Сәтсіз отбасы», «Қиын балалар» жалпы білім беру мектебіндегі толықтай тәртібі мен полиция есебі және «Сенім» байланысы мен жәшіктерін ұйымдастыру шаралары туралы;
- Дәулет ауылдық округі бойынша және жалпы білім беретін мектепке жақын орналасқан сауда орталықтарында кәмелет жасқа толмаған балаларға тыйым салынған зиянды заттардың сатылмауын бақылау мақсатында толықтай мониторинг жұмыстарының барысы туралы;

Қамқоршылық кеңес төрайымы **Л.Ж.Дәуэн**

Орындаған:
Д.Байтугелова
87759305489

«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамқоршылық кеңесінің отырысының

ХАТТАМАСЫ

17.10.2024ж **№ 4** **Жаңа Дәулет ауылы**

Қатысқандар:

1. Дәуэн Ләззат Жұмабекқызы	аудандық маслихат статисі, қоғамдық кеңес хатшысы, кеңес төрағасы
2: Тастайбекова Айнұр	жеке кәсіпкер
3. Ягнисов Сатжан	жеке кәсіпкер
4. Фазылбек Абылай	облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы
5. Жексенбаев Қадырбек	Дәулет селолық округінің бас маманы
6. Буркиталиев Бахтияр	жеке кәсіпкер
7. Тасболатова Гулнара Беккалиевна	«AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының баспасөз хатшысы
8. Қалабай Қуаныш Азанбайұлы	зейнеткер-ұстаз
9. Китайбекова Ботакөз	ата-ана

Күн тәртібінде:

1. «Мұғалім- Ұлы тұлға» атты бағдарлама ұйымдастыру, басты мәселе этика-эстетика мен жалпы ортадағы «суббардинация» өзін ұстау мәнері бағытындағы жалпылама жұмыстар туралы;
2. Полиция бөлімінде, наркология және психикалық аурулар диспансерінде есепте тұрған ата- аналары бар оқушылармен жұмыс барысы, бақылау және зерттеу жұмыстарының бағыты мен үй - іші, тұрмыстық және әлеуметтік жағдайына мониторинг жасақтау туралы;
3. « Сәтсіз отбасы», « Қиын балалар» жалпы білім беру мектебіндегі толықтай тәртібі мен полиция есебі және « Сенім» байланысы мен жәшіктерін ұйымдастыру шаралары туралы;
4. Дәулет ауылдық округі бойынша және жалпы білім беретін мектепке жақын орналасқан сауда орталықтарында кәмелет жасқа толмаған балаларға тыйым салынған зиянды заттардың сатылмауын бақылау мақсатында толықтай мониторинг жұмыстарының барысы туралы;

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сәрикбаева Жазира сөз сөйледі. Ол өз сөзінде: қыркүйек айының 20-сында мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысы болып өткендігін айта келе, жиналыста мектептің ішкі тәртібі, мектеп формасы туралы сөз қозғалғанын айтып өтті. Екінші мәселе бойынша полиция бөлімінде, наркология және психикалық аурулар диспансерінде есепте тұрған ата- аналары бар оқушылармен жұмыс барысы, бақылау және зерттеу жұмыстарының бағыты мен үй - іші, тұрмыстық және әлеуметтік жағдайына мониторинг жасақтау туралы О.Бекенов сөйледі. Ол: қазіргі таңда мектебімізде наркология және психикалық аурулар диспансерінде есепте тұрған ата- аналары бар оқушылар жоқ екендігін тілге тиек ете келе, күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөзін жалғады. Үшінші мәселе бойынша мектебіміздің кәмелетке толмаған оқушылармен жұмыс жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар нәтижесінде «Сәтсіз отбасы», «Қиын балалар» бүгінгі таңда мектебімізде кездеспейтінін, ешқандай құқықбұзушылық орын алмағандығын тілге тиек етті. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Ләззат Жауынбайқызы сөз қозғады. Ол өз сөзінде: Дәулет ауылдық округі бойынша және жалпы білім беретін мектепке жақын орналасқан сауда орталықтарында кәмелетке толмаған балаларға тыйым салынған зиянды заттардың сатылмауына қаншалықты ықпал ете аламыз? деген сұрақ қойды. Осы сұрақ төңірегінде Дәулет ауылдық округі әкімінің бас маманы Қ.Жексенбаев: қазіргі таңда біздің тарапымыздан ешқандай бақылау жүргізе алмайтындығымызды, қажет болғанда мектеп мекемесіне жақын орналасқан сауда орталықтарынан алынған заттардан улану факторы кездескен жағдайда ғана чек бойынша СЭС-ке жүгіне алатынындығымызды жеткізді.

Күн тәртібіндегі мәселерді талдай, талқылай келе, отырыс шешім етеді

Шешім:

1. «Мұғалім- Ұлы тұлға» атты бағдарлама ұйымдастыру, басты мәселе этика-эстетика мен жалпы ортадағы «субординация» өзін ұстау мәнері бағытындағы жалпылама жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын;
2. Полиция бөлімінде, наркология және психикалық аурулар диспансерінде есепте тұрған ата- аналары бар оқушылармен жұмыс барысы, бақылау және зерттеу жұмыстарының бағыты мен үй - іші, тұрмыстық және әлеуметтік жағдайына мониторинг жасақтау туралы жұмыстар талапқа сай деп бағалансын;

3. « Сәтсіз отбасы», « Қиын балалар» жалпы білім беру мектебіндегі толықтай тәртібі мен полиция есебі және « Сенім» байланысы мен жәшіктерін ұйымдастыру шаралары қанағаттанарлық деп танылып, жұмыстар одан әрі жүйелі жүргізілсін;
4. Дәулет ауылдық округі бойынша және жалпы білім беретін мектепке жақын орналасқан сауда орталықтарында кәмелет жасқа толмаған балаларға тыйым салынған зиянды заттардың сатылмауын бақылау мақсатында толықтай мониторинг жұмыстарын жүргізе алмайтындығын ескере отырып, аталмыш мәселе қарастырылмасын;

Кеңес төрайымы **Л.Ж.Дәуэн**

Хатшы **Г.Тастайбекова**